Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
Министрінің
2020 жылғы 4 мамырдағы
№175 бұйрығына
қосымша

Орта білім беру мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған **« Педагог зерттеуші ретінде: Action Research негізінде мұғалімнің тиімді трансформациясы»** тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы
(80 сағат).

Бағдарлама авторы:
Берикханова Айман Еженхановна,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
профессор

Алматы, 2026

«Педагог зерттеуші ретінде: Action Research негізінде мұғалімнің тиімді трансформациясы» тақырыбы бойынша орта білім беру ұйымдары мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (80 сағат)

1. Жалпы ережелер

1. **«Педагог зерттеуші ретінде: Action Research негізінде мұғалімнің тиімді трансформациясы»** білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – **Бағдарлама**) орта білім беру ұйымдары мен техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) ұйымдарының мұғалімдеріне арналған. Бағдарлама Action Research (іс-әрекеттегі зерттеу) тәсілін енгізу негізінде кәсіби практиканы өзгертуге және жетілдіруге мүдделі барлық білім беру ұйымдары үшін пайдалы.

2. Бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасы, Педагогикалық білім беруді дамыту тұжырымдамасы (2024), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, үлгілік оқу бағдарламалары, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары, сонымен қатар педагогтердің практикалық жұмыс нәтижелеріне, зерттеу жобаларына қатысуына және кәсіби тәжірибесін таратуына басымдық беретін біліктілікті арттыру ұйымының жергілікті актілері құрайды.

3. Бағдарлама бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарын ескере отырып, зерттеу проблемасы мен интервенцияны педагог оқу мақсаттарына, күтілетін оқу нәтижелеріне, пән ерекшелігіне, білім алушылардың жасына және білім беру қажеттіліктеріне сәйкес таңдайды.

4. Бағдарламаның жалпымемлекеттік басымдықтармен байланысы оқу нәтижелеріне қол жеткізуге, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, дербестігі мен жауапкершілігін дамытуға, қауіпсіз әрі қолдаушы білім беру ортасын қамтамасыз етуге, сондай-ақ педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуына бағдарлануы арқылы қамтамасыз етіледі.

5. Бағдарламаның өзектілігі дәлелді деректер негізінде оқыту сапасы мен білім беру нәтижелерін арттыру, педагогтердің рефлексиялық мәдениетін күшейту, оқу мотивациясы, білім алушылардың қатысуы, бағалау, саралау және инклюзивті оқыту мәселелерін тиімді шешу қажеттілігімен айқындалады.

6. Бағдарлама педагогтердің зерттеушілік құзыреттерін дамытуға, яғни өз практикасындағы қиындықтарды жүйелі түрде анықтау, зерттеу сұрағын тұжырымдау, Action Research циклдерін жоспарлау және іске асыру, нақты

деректерді жинау мен түсіндірудің базалық құралдарын меңгеру, конструктивті шешімдер қабылдау және өзгерістердің тиімділігі мен тұрақтылығын бағалау қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған.

7. Бағдарламаның әлемдік үрдістермен байланысы practitioner inquiry (практик-маманның зерттеуі), evidence-informed teaching (дәлелді деректерге негізделген оқыту), collaborative professional learning (ынтымақтастықтағы кәсіби оқу), деректер жинаудың цифрлық құралдары, балалардың қатысуымен жүргізілетін зерттеулердің этикалық қағидаттары және үздіксіз жетілдірудің циклдік моделін қолдану арқылы көрініс табады.

8. Бағдарламаның ерекшелігі – бірізді практикалық нәтиже: әрбір тыңдаушы диагностикалық деректерді, зерттеу сұрағын, интервенция жоспарын, деректер жинау құралдарын, этикалық хаттаманы, талдау жоспарын және нәтижелілік критерийлерін қамтитын өзінің кәсіби практикасына арналған Action Research-тің толық дизайнын әзірлейді.

2. Глоссарий

Action Research (Іс-әрекеттегі зерттеу) **–** педагог-практиктердің жоспарлау, әрекет ету, бақылау және рефлексия негізінде өз кәсіби практикасын саналы түрде өзгертуге және жетілдіруге бағытталған зерттеуін ұйымдастырудың бейресми нысаны.

Талдау – тұтастан оның бөліктерін зерттеуге көшу үшін нысанды құрамдас бөліктерге ойша жіктеуге негізделген зерттеудің теориялық әдістерінің бірі.

Деректер жинау құралдары (Data Collection Tools) – мұғалім ақпарат алатын құралдар: сауалнамалар, чек-парақтар, бақылау, бейнежазба, білім алушылардың жұмыстары, кәсіби әңгімелер және т.б.

Интервенция (лат. interventio – араласу, педагогикалық ықпал) – анықталған проблеманы шешу мақсатында жаңа идеяларды, әдістерді, стратегиялар мен тәсілдерді енгізу немесе ықпал ету.

Интерпретация (Interpretation) – «деректер нені білдіреді?», «неліктен бұлай болды?», «қандай қорытынды жасауға болады?» деген сұрақтарға жауап іздеу арқылы деректерді мағыналық тұрғыдан түсіндіру.

Action Research дизайны – проблеманы, зерттеу сұрағын, қатысушыларды, әрекеттер циклін, интервенцияны, деректерді жинау және талдау әдістерін, этикалық шараларды және нәтиже критерийлерін қамтитын құрылымдалған зерттеу жоспары.

Зерттеу сұрағы – білім беру үдерісінің сапасын жақсарту үшін деректерді жинау мен талдау бағытын айқындайтын, нақты, зерттеуге болатын және практикамен байланысты сұрақ.

Бастапқы деректер – интервенция басталғанға дейін зерттелетін проблеманың ағымдағы жай-күйі туралы ақпарат.

Сапалық деректер (Qualitative Data) – үдерістің сапасы мен себеп-салдарлық байланыстарын түсінуге мүмкіндік беретін, бақылау барысында алынған және сипаттамалар, пікірлер, мінез-құлық сипаттамалары, білім алушылардың мәтіндері түрінде берілетін ақпарат.

Сандық деректер (Quantitative Data) – өзгерістер динамикасын көруге және өлшеу, есептеу мен салыстыру негізінде қорытынды жасауға мүмкіндік беретін сан түріндегі деректер (пайыздар, бағалар, қателер саны, орындау уақыты, тест нәтижелері).

Сыншы дос – зерттеу үдерісінің объективтілігін қамтамасыз етуге конструктивті қолдау көрсету үшін педагог-зерттеуші таңдайтын әріптес немесе сенімді тұлға.

Бақылау (Observation) – мұғалімнің сабақта болып жатқан құбылыстарды алдын ала белгіленген критерийлер бойынша тіркеу әдісі.

Триангуляция (Triangulation) – зерттеу қорытындыларының сенімділігін арттыру үшін бірнеше дереккөзден, әртүрлі әдістермен немесе әр кезеңде алынған деректерді салыстыру.

Рефлексия (лат. reflexio – «кері қарау») – практиканы одан әрі жетілдіру үшін педагогтің өз шешімдерін, әрекеттерін, алынған деректерді және интервенция салдарын сыни тұрғыдан талдауы.

Педагогикалық рефлексия – педагогтің өз қызметіне және педагогикалық үдерістің субъектісі ретіндегі өзіне қатысты белсенді зерттеушілік ұстанымға көшу қабілетін білдіретін психологиялық феномен.

Action Research циклділігі – Жоспарлау → Әрекет → Бақылау → Рефлексия → Қайта жоспарлау кезеңдерінің бірізді қайталануын қамтитын, әрбір жаңа циклде зерттеуді неғұрлым жоғары деңгейге көтеру арқылы зерделенетін проблеманы шешуге және практиканы жетілдіруге мүмкіндік беретін спираль тәрізді үдеріс.

Action Research этикасы – этикалық нормаларды, құпиялылықты және қатысушылардың анонимдігін сақтау, білім алушылардың және/немесе олардың ата-аналарының ақпараттандырылған келісімін алу, білім алушының тұлғасына құрметпен қарау, психологиялық немесе академиялық зиян келтірмеу, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін адал әрі ашық ұсыну негізінде Action Research-ті қауіпсіз, құрметпен және жауапкершілікпен жүргізу.

Мониторинг (Monitoring) – зерттеу барысындағы өзгерістерді қадағалау, аралық деректерді жинау және динамиканы талдау.

Іс-әрекет жоспары (Action Plan) – мұғалімнің зерттеу барысында сабаққа енгізетін өзгерістерінің нақты тұжырымдалған жоспары.

Кері байланыс (feedback) – қызметтің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат жинау үдерісі, неғұрлым конструктивті әрі кеңейтілген бағалау.

3. Бағдарламаның тақырыбы, жаңашылдығы және біліктілікті арттыру жүйесіндегі орны

Бағдарламаның тақырыптық мазмұны педагог-зерттеушінің кәсіби ұстанымын, Action Research әдіснамасы мен циклін, педагогикалық проблеманы диагностикалауды, зерттеу сұрағын тұжырымдауды, интервенцияны жоспарлауды, деректерді жинау мен талдауды, зерттеу этикасын, нәтижелерді бағалауды, рефлексияны және тәжірибені таратуды қамтиды.

Бағдарламаның жаңашылдығы педагогикалық зерттеу әдістерін жекелеген бағыттар бойынша меңгертуде емес, оларды педагогтің нақты тәжірибесін жетілдіруге бағытталған біртұтас зерттеу цикліне кіріктіруде көрініс табады. Теориялық білім педагогтің өз зерттеуін кезең-кезеңімен жобалауы арқылы меңгеріледі, ал әрбір модуль қорытынды өнімнің құрамдас бөлігін қалыптастырады.

Зерттеу әдіснамасы, академиялық жазылым немесе оқытудың инновациялық технологиялары бойынша жалпы сипаттағы бағдарламалардан айырмашылығы, осы Бағдарлама: а) нақты сабақтың немесе оқу тобының проблемасы негізінде құрылады; ә) интервенцияға дейінгі бастапқы деректерді міндетті түрде тіркеуді талап етеді; б) деректерді триангуляциялау тәсілін қолдануды көздейді; в) міндетті этикалық хаттаманы қамтиды; г) Action Research зерттеуінің толық дизайнын қорғаумен және курстан кейін оны іске асыру жоспарымен аяқталады.

Бағдарлама пәндік бағыттағы біліктілікті арттыру курстарының мазмұнын қайталамайды: педагог интервенция мазмұнын өзінің пәндік саласына және үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес айқындайды, ал курс әмбебап зерттеу шеңбері мен қажетті құралдар кешенін ұсынады.

Бағдарламасының тақырыптық мазмұны

Модульдер	**Тақырыптары**
1 МОДУЛЬ Педагог зерттеуші ретінде: болашақ сын-қатерлері жағдайындағы кәсіби және зерттеушілік құзыреттер	**1.1** XXI ғасыр дағдылары. Заманауи педагогтың өзекті құзіреттері. Ғаламдық құзіреттер ұғымы. Әлем модельдерінің өзгеруі: VUCA, BANI, Metamodern және т.б. **1.2** Педагог-зерттеушіге қойылатын заманауи талаптар. Қазақстанда Action Research енгізудің өзектілігі: нормативтік-құқықтық аспектілер. Дәлелдерге негізделген білім беру. **1.3** Педагогикалық рефлексия. Рефлексияның қызметтері. Педагог – рефлексивті практик ретінде. **1.4** Нақты педагогикалық мәселелерді қалай анықтауға болады: мектеп тәжірибесіндегі мәселелердің типологиясы.
2 МОДУЛЬ Action Research теориясы, әдіснамасы және зерттеу дизайны	**2.1** Тарихи шолу: Action Research теориясы және оның дамуы. Action Research енгізудің әлемге танымал модельдері. **2.2** AR тұжырымдамалары, модельдері, циклдері. Зерттеу сұрағын тұжырымдау. **2.3** Мұғалімнің кәсіби тәжірибесіне Action Research енгізудің негізгі әдістері, түрлері және қағидаттары. **2.4** Action Research-тегі зерттеу этикасы. Зерттеуге қатысушылардың құқықтары: анонимдік, академиялық адалдық.

3 МОДУЛЬ Деректерді жинау және интерпретациялау әдістемесі	**3.1** Action Research-тегі эмпирикалық зерттеу әдістері. **3.2** Action Research-тегі теориялық зерттеу әдістері. **3.3** Қажетті ғылыми әдебиеттерге шолу жасау, оларды іріктеу және бағалау. Деректер базаларынан әдебиеттерді іздеу. **3.4** Деректерді жинаудың онлайн формалары. Тәжірибеге бағытталған тиімді зерттеулерге арналған онлайн платформалар.
4 МОДУЛЬ Практикаға инновациялық интервенция енгізу	**4.1** Зерттеудің үдерістік кезеңі, педагогикалық эксперимент. Педагогикалық эксперименттің кезеңдері. Педагогикалық экспериментке дайындық. **4.2** Практиканы өзгерту. Оқыту мен оқытудың инновациялық әдістерін енгізу. **4.3** Action Research аясындағы ғылыми коллаборация және ғылыми желілік қауымдастық құру.
5 МОДУЛЬ Action Research тиімділігін бағалау және педагогикалық тәжірибеде тұрақты өзгерістерді бекіту	**5.1** Сабақты талдау құралдары. Зерттеу нәтижелерін бағалау әдістері, зерттеу гипотезасын тексеру. **5.2** Кәсіби рефлексия зерттеушілік қызмет ретінде, кері байланыстың (feedback) рөлі. Action Research бойынша рефлексивті эссе жазу критерийлері. **5.3** Зерттеу нәтижелерін қорытынды бағалау. Статистикалық және математикалық әдістер. Деректерді талдау және интерпретациялау. Сандық және сапалық зерттеулер. **5.4** Action Research нәтижелерін мерзімді басылымдарда ғылыми мақала түрінде жариялау. **5.5** Өзінің кәсіби тәжірибесін жетілдіру. Кәсіби құзыреттілік. Кәсіби мансап. Менторинг. Action Research нәтижелерін тарату, тәжірибе алмасу.

Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: Білім беру үдерісіндегі қиындықтарды терең түсінуге, педагогтің өз тәжірибесін трансформациялауға және нақты деректерге, рефлексияға әрі нәтижелерді циклдік талдауға негізделген тиімді инновациялық шешімдерді енгізуге бағытталған Action Research әдіснамасын меңгеру арқылы педагогтердің кәсіби-зерттеушілік құзыреттілігін дамыту.

Міндеттері:

1. Болашақ сын-қатерлері жағдайында педагогтердің педагог-зерттеуші рөлін түсінуін қалыптастыру және олардың кәсіби әрі зерттеушілік құзыреттерін дамыту.
2. Оқытудың күтілетін нәтижелерімен байланысты педагогикалық проблемаларды диагностикалау және зерттеу сұрағын тұжырымдау әдістерін меңгеру.

3. Өзінің кәсіби тәжірибесіне рефлексия жасау негізінде педагогикалық интервенцияны жоспарлауды қоса алғанда, Action Research циклдері мен зерттеу дизайнын меңгеру.

4. Деректерді жинау, талдау және интерпретациялау дағдыларын қалыптастыру, сапалық және сандық әдістерді, бақылау мен кері байланыс құралдарын қолдану, сондай-ақ триангуляция тәсілін пайдалану.

5. Анықталған білім беру қиындықтарын шешуге және оқыту тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық педагогикалық интервенцияларды жобалау және енгізу біліктерін қалыптастыру.

6. Action Research нәтижелерін бағалау және рефлексивті практиканы қалыптастыру құзыреттерін дамыту, сондай-ақ мектептің білім беру ортасында қол жеткізілген өзгерістердің тұрақтылығын қамтамасыз ету тәсілдерін меңгеру.

Оқытудың күтілетін нәтижелері

Курсты аяқтау нәтижесінде тыңдаушылар:

1. Бастапқы деректер мен оқу бағдарламасының талаптары негізінде педагогикалық проблеманы саналы түрде айқындайды және негіздейді.

2. Action Research аясындағы нақты зерттеу сұрағын кәсіби тұрғыдан тұжырымдайды.

3. Оқу үдерістерін объективті бағалауға мүмкіндік беретін деректерді жинау мен талдаудың заманауи әдістерін меңгереді, әдістерді триангуляциялаудың қажеттілігін және дәлелді деректерге негізделген шешімдерді негіздейді.

4. Интервенция жоспарын жобалауды қамтитын логикалық тұрғыдан тұтас Action Research дизайнын әзірлейді, интервенция нәтижелілігінің критерийлері мен мониторинг жүргізу тәсілдерін айқындайды.

5. Сапалық және сандық деректерді талдаудың базалық тәсілдерін қолданады, зерттеу әрекеттерінің нәтижелерін бағалайды, орын алған өзгерістерді интерпретациялайды, олардың әсерлерін анықтайды және педагогикалық стратегияларды түзетеді.

6. Кәсіби өсуді және сабақ сапасын арттыруды қамтамасыз ететін педагогикалық рефлексия тәсілдерін меңгереді, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін кәсіби қоғамдастықта тарату жоспарын саналы түрде әзірлейді.

5.Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Білім беру бағдарламасы өзара байланысқан 5 модульден құралған:

1. Педагог зерттеуші ретінде: болашақ сын-қатерлері жағдайындағы кәсіби және зерттеушілік құзыреттер;
2. Action Research теориясы, әдіснамасы және зерттеу дизайны;
3. Деректерді жинау және интерпретациялау әдістемесі;
4. Практикаға инновациялық интервенция;
5. Action Research тиімділігін бағалау және педагогикалық тәжірибеде тұрақты өзгерістерді бекіту.

Бағдарлама жоспары

1-модуль. Педагог-зерттеуші: кәсіби және зерттеушілік құзіреттер

Мақсаты: педагогтердің мектеп тәжірибесіндегі өзекті проблемаларды анықтау және шешу үшін зерттеушілік құзыреттерін, рефлексивті әрі сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру. *Мазмұны:* XXI ғасыр дағдылары. Қазіргі педагогтің өзекті құзыреттері. Жаһандық құзыреттер ұғымы. Әлем модельдерінің өзгеруі: VUCA, BANI, метамодерн және т.б. Дәлелдерге негізделген білім беру. Педагогикалық рефлексия. Рефлексияның функциялары. Педагог рефлексивті практик ретінде. Педагог-зерттеушіге қойылатын заманауи талаптар. Қазақстанда Action Research тәсілін енгізудің өзектілігі: нормативтік-құқықтық аспектілері. Action Research-тің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен, үлгілік оқу бағдарламаларымен және оқыту нәтижелерімен байланысы.

Мектеп тәжірибесіндегі проблемалардың типологиясы. Нақты педагогикалық проблемаларды диагностикалау. Оқытуға және оқу материалын меңгеру сапасына байланысты проблемалар. Оқыту әдістері мен технологияларына қатысты проблемалар. Оқу мотивациясы мен білім алушылардың оқу дербестігіне байланысты проблемалар. Мінез-құлық пен тәртіп проблемалары. Өзара әрекеттестік пен коммуникация проблемалары. Бағалау проблемалары. Білім алушылардың психологиялық-педагогикалық проблемалары. Мектеп ортасы мен оқыту жағдайларына қатысты проблемалар. Мұғалімнің кәсіби қызметіндегі проблемалар. Ата-аналармен өзара әрекеттестік проблемалары.

Модуль өнімі: бастапқы деректер қамтылған педагогикалық проблема картасы.

2-модуль. Action Research теориясы, әдіснамасы және зерттеу дизайны

Мақсаты: педагогтерде Action Research жүргізудің әдіснамалық білімдері мен дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ зерттеу этикасын сақтау қағидаларын меңгерту. *Мазмұны:* Тарихи шолу: Action Research теориясы және оның дамуы. Action Research енгізудің әлемге танымал модельдері. AR тұжырымдамалары, модельдері және циклдері. Зерттеу сұрағын тұжырымдау. Action Research зерттеуінің әдістері мен түрлері.

Педагогтің кәсіби тәжірибесіне Action Research енгізудің негізгі қағидаттары. Action Research-тегі зерттеу этикасы. Зерттеуге қатысушылардың құқықтары. Анонимділікті сақтау. Академиялық адалдық қағидаттары.

Модуль өнімі: Action Research дизайнының паспорты.

3-модуль. Деректерді жинау және интерпретациялау әдістемесі

Мақсаты: Педагогтердің Action Research аясында эмпирикалық және теориялық әдістерді қолдану дағдыларын дамыту, сондай-ақ деректерді жинау және талдау үшін ғылыми дереккөздер мен цифрлық құралдарды іздеу, іріктеу және пайдалану қабілеттерін қалыптастыру. *Мазмұны:* Action Research-тегі

эмпирикалық зерттеу әдістері. Action Research-тегі теориялық зерттеу әдістері. Қажетті ғылыми әдебиеттерге шолу жасау, оларды іріктеу және бағалау. Ғылыми дерекқорлардан әдебиеттерді іздеу. Деректерді жинаудың онлайн формалары. Тәжірибеге бағытталған тиімді зерттеулер жүргізуге арналған онлайн платформалар.

Модуль өнімі: деректерді талдау жоспары және зерттеу құралдарының жинақтамасы.

4-модуль. Практикаға инновациялық интервенция

Мақсаты: педагогтердің Action Research аясында педагогикалық интервенцияны жобалау, оны іске асыру барысына мониторинг жүргізу және ғылыми ынтымақтастықты дамыту дағдыларын қалыптастыру. *Мазмұны:* интервенцияны таңдау қағидаттары: оның проблеманың себептерімен және оқыту нәтижелерімен байланысы. Зерттеудің үдерістік кезеңі, педагогикалық эксперимент. Педагогикалық экспериментке дайындық. Іс-әрекет жоспары: кезеңдер, ресурстар, мерзімдер, тәуекелдер және үдеріс индикаторлары. Педагогикалық эксперимент кезеңдері. Action Research циклдері. Интервенция негізінде әрбір циклден кейінгі өзгерістерді бақылау. Оқыту мен білім берудің инновациялық әдістерін енгізу. Action Research аясындағы ғылыми ынтымақтастық және ғылыми желілік қоғамдастық құру.

Модуль өнімі: интервенция және мониторинг жоспары.

5-модуль. Action Research тиімділігін бағалау және педагогикалық тәжірибеде тұрақты өзгерістерді бекіту

Мақсаты: Педагогтерде Action Research тиімділігін бағалау, деректерді талдау және интерпретациялау, кәсіби рефлексия жүргізу және педагогикалық тәжірибені жетілдіру дағдыларын қалыптастыру. *Мазмұны:* Сабақты талдау құралдары. Зерттеу нәтижелерін бағалау әдістері, зерттеу гипотезасын тексеру. Кәсіби рефлексия зерттеушілік қызмет ретінде, кері байланыстың (feedback) рөлі. Action Research аясында рефлексивтік эссе жазу критерийлері. Зерттеу нәтижелерін қорытынды бағалау. Статистикалық және математикалық әдістер. Деректерді талдау және интерпретациялау. Сандық және сапалық зерттеулер.

Зерттеу нәтижелерін мерзімді басылымдарда Action Research бойынша ғылыми мақала түрінде жариялау. Өзінің кәсіби тәжірибесін жетілдіру. Кәсіби мансап. Менторлық. Action Research тұжырымдамасын тарату және тәжірибе алмасу, зерттеудің оң нәтижелерін жариялау. Action Research тәжірибесін диссеминациялау формалары.

Модуль өнімі: Action Research зерттеуінің толық дизайны және оны іске асыру жоспары.

Оқытудың *күтілетін нәтижелерінің* Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерімен өзара байланысы тыңдаушылардың мынадай өнімдерді әзірлеуі арқылы қамтамасыз етіледі: бастапқы деректер қамтылған педагогикалық проблема картасы, Action Research дизайнының паспорты, зерттеу құралдарының жинақтамасы және деректерді талдау жоспары, интервенция мен мониторинг жоспары, сондай-ақ Action Research зерттеуінің толық дизайны және оны іске асыру жоспары.

6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

Курстар мынадай режимде ұйымдастырылады:

1) Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес курстар онлайн/офлайн форматтарда өткізіледі;

2) Біліктілікті арттыру курсының жалпы ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды;

3) Оқыту іс-әрекеттік, андрагогикалық, проблемалық-бағдарлы және рефлексивті тәсілдер негізінде құрылады.

Оқытудың негізгі нысандары мен әдістері: интерактивті дәрістер, кейстерді талдау, практикалық сабақтар, тренингтер, рефлексивті және жобалық тапсырмалар, өзіндік жұмыс, әдебиеттермен жұмыс, тестілеу, рефлексивті күнделік жүргізу, Action Research зерттеу дизайны жобаларын қорғау.

Курс барысында Kahoot, Quizizz, Padlet, Canvas LMS, Miro виртуалды тақтасы, Google Forms және басқа да интерактивті онлайн-құралдар қолданылады.

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында кіріс және шығыс онлайн-сауалнамалар, өзіндік жұмыс, теориялық және мазмұндық модульдер бойынша аралық тестілеу, рефлексивті эссе жазу, сондай-ақ жобалық тапсырмалар бойынша әзірленген презентацияларды қорғау көзделеді.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Бағдарламаны іске асырудың дидактикалық тәсілі ғылымилық, қолжетімділік, жүйелілік пен бірізділік, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, теорияның практикамен байланысы, білімнің беріктігі мен тұрақтылығы қағидаттарына, сондай-ақ «жобалау арқылы оқыту» қағидатына негізделеді, яғни әрбір сабақтың мазмұны тыңдаушылардың жеке жобаларына тікелей қолданылып, Action Research зерттеу дизайнының қорытынды жобасына кезең-кезеңімен біріктіріледі.

Теориялық материал қысқаша құрылымдалған конспектілер, сызбалар, инфографикалар, зерттеу сұрақтарының үлгілері және деректерді талдау алгоритмдері түрінде ұсынылады.

Курс мазмұнын меңгеруге арналған тапсырмалар ізденістік, шығармашылық және зерттеушілік сипатта болады: кейстерді талдау, проблемалар мен олардың салдарын диагностикалау, зерттеу сұрағын тұжырымдау, бақылау парақтарының критерийлерін әзірлеу, триангуляция жоспарын құру, интервенцияны жобалау, нақты деректерді талдау және интерпретациялау, рефлексивті эссе жазу және т.б.

Қалыптастырушы бағалау чек-парақтар, бағалау рубрикалары, өзара сараптама, тренердің түсіндірмелері және өзін-өзі бағалау арқылы жүзеге асырылады. Тыңдаушы кері байланыс алғаннан кейін әзірлеген өнімін жетілдіреді.

Тыңдаушының оқу-әдістемелік кешеніне мыналар кіреді: тыңдаушыға арналған нұсқаулық, рефлексивті күнделік, Action Research паспортының үлгісі, этикалық хаттаманың үлгісі, деректерді жинау құралдарының үлгілері, деректерді талдау жоспарының үлгісі, қорытынды бағалау рубрикасы, негізгі дереккөздер тізбесі, цифрлық білім беру платформаларына сілтемелер тізбесі және т.б.

«Педагог зерттеуші ретінде: Action Research негізінде мұғалімнің тиімді трансформациясы» курсының оқу-тақырыптық жоспары. (80 сағат)

№	Сабақтардың тақырыптары	Интерактивті дәрістер	Практикалық сабақтар/тренингте Кейстерді талдау	Рефлексивті тапсырмалар	Тестілеу	Өзіндік жұмыс	Әдебиеттермен жұмыс	Рефлексивті күнделіктер	Жобаларды қорғау	Барлығы
1.	**1-МОДУЛЬ. Педагог-зерттеуші: болашақ сын-қатерлері жағдайындағы кәсіби және зерттеушілік құзыреттер**	**2**	**3**	**2**	**3**	**1**	**2**	**1**	**1**	**0**	**15**
1.1	Қазіргі педагогтің өзекті құзыреттері	1	1	1	1	0	0	1	0	0	5
1.2	Педагог-зерттеушіге қойылатын заманауи талаптар	1	1	1	0	1	1	0	0	0	5
1.3	Педагог – рефлексивті практик	0	1	0	2	0	1	0	1	0	5
2	**2-МОДУЛЬ. Action Research теориясы, әдіснамасы және дизайны**	**2**	**4**	**2**	**2**	**1**	**2**	**2**	**0**	**0**	**15**
2.1	Тарихи шолу: Action Research теориясы және оның дамуы	1	1	1	0	0	1	1	0	0	5
2.2	Action Research тұжырымдамалары, модельдері мен циклдері. Зерттеу сұрағын тұжырымдау	1	2	1	0	0	0	1	0	0	5
2.3	Action Research аясындағы зерттеу этикасы. Зерттеуге қатысушылардың құқықтары	0	1	0	2	1	1	0	0	0	5
3.	**3-МОДУЛЬ. Деректерді жинау және интерпретациялау әдістемесі**	**2**	**4**	**3**	**1**	**1**	**2**	**2**	**0**	**0**	**15**
3.1	Action Research аясындағы эмпирикалық зерттеу әдістері	1	1	1	0	0	1	1	0	0	5
3.2	Action Research аясындағы теориялық зерттеу әдістері	1	1	1	0	0	1	1	0	0	5
3.3	Деректерді жинауға арналған онлайн-нысандар	0	2	1	1	1	0	0	0	0	5
4.	**4-МОДУЛЬ. Педагогикалық практикадағы инновациялық интервенция**	**1**	**4**	**3**	**2**	**1**	**2**	**1**	**1**	**0**	**15**

4.1	Зерттеудің үдерістік кезеңі: педагогикалық эксперимент	0	1	1	1	0	1	1	0	0	5
4.2	Практиканы өзгерту: оқыту мен білім берудің инновациялық әдістерін енгізу	1	2	1	0	1	0	0	0	0	5
4.3	Action Research аясындағы ғылыми ынтымақтастық және желілік кәсіби қоғамдастық құру	0	1	1	1	0	1	0	1	0	5
5.	**5-МОДУЛЬ. Action Research тиімділігін бағалау және педагогикалық практикадағы тұрақты өзгерістерді орнықтыру**	**1**	**3**	**2**	**2**	**2**	**2**	**2**	**2**	**4**	**20**
5.1	Зерттеу нәтижелерін бағалау әдістері және зерттеу гипотезасын тексеру	0	1	1	1	1	1	1	0	0	6
5.2	Кері байланыстың (feedback) рөлі. Action Research аясында рефлексивті эссе жазу критерийлері	1	1	1	1	0	0	0	2	0	6
5.3	Педагог-зерттеушінің авторлық бағдарламасы. Зерттеу нәтижелерін мақалада ұсыну және қорытынды жобаны қорғау	0	1	0	0	1	1	1	0	4	8
	БАРЛЫҒЫ	**8**	**18**	**12**	**10**	**6**	**10**	**8**	**4**	**4**	**80**

Ескертпе: 1 академиялық сағат – **45 минут** (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы №249 бұйрығымен бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес).

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың кәсіби және зерттеушілік құзыреттерінің қалыптасу деңгейін айқындау мақсатында кіріс және қорытынды диагностика, модульдер бойынша қалыптастырушы бағалау, сондай-ақ презентация түріндегі «Action Research дизайны» жобаларын қорытынды қорғау жүргізіледі.

Мақсаты: осы біліктілікті арттыру бағдарламасының модульдерін меңгеру нәтижесінде тыңдаушылардың теориялық және практикалық білімді түсіну және қолдану деңгейін бағалау.

Бес модуль бойынша міндетті өнімдерді ұсынған тыңдаушы қорытынды қорғауға жіберіледі.

«Action Research дизайны» қорытынды жобасын бағалау критерийлері

(5 слайдтан аспайды)

Қорытынды жоба 10 критерий бойынша бағаланады. Әрбір критерий 0-ден 3 балға дейін бағаланады:

0 балл – ұсынылмаған;

1 балл – фрагменттік түрде ұсынылған немесе елеулі қателер жіберілген;

2 балл – негізгі талаптарға сәйкес келеді;
3 балл – толық, логикалық тұрғыдан бірізді және дәлелді орындалған.

Ең жоғары балл – 30 балл. Бағдарламаны табысты меңгеру шегі – кемінде 21 балл.

№	Бағалау критерийлері	Балл				Қорытынды
		0	1	2	3	
1	Проблеманы бастапқы деректер негізінде дәйектеу					
2	Проблеманың оқыту нәтижелерімен және білім беру контекстімен байланысы					
3	Зерттеу сұрағының сапасы					
4	Action Research циклінің логикалық бірізділігі мен толықтығы					
5	Педагогикалық интервенцияның негізділігі					
6	Зерттеу құралдарының зерттеу сұрағына сәйкестігі					
7	Деректерді триангуляциялау және талдау жоспары					
8	Зерттеу этикасының сақталуы					
9	Нәтижелілік критерийлері және шектеулердің ескерілуі					
10	Жоспардың рефлексивтілігі мен іске асырылу мүмкіндігі және презентацияның сапасы					
Қорытынды балл (ең жоғарысы – 30 балл)						

9. Курстан кейінгі қолдау көрсету

Курстан кейінгі сүйемелдеудің мақсаты – жобаланған Action Research циклін іске асыруға қолдау көрсету және алынған нәтижелерді дәлелді тұрғыдан пайымдауды қамтамасыз ету.

1-кезең – курс аяқталғаннан кейінгі 1–2 апта ішінде тренер қажеттілігіне қарай Google Meet, Classroom және басқа да платформалардың бірінде онлайн-консультациялар өткізеді, сондай-ақ электрондық пошта, WhatsApp, Instagram, YouTube арналары және өзге де әлеуметтік желілер арқылы әдістемелік қолдау көрсетеді.

2-кезең – бір ай ішінде тыңдаушыларға қажетті әдебиеттермен танысу, зерттеу әдістері мен стратегияларын таңдаудың дұрыстығын нақтылау, сыни дос пен сыртқы сарапшыларды іріктеу мақсатында Classroom платформасындағы ресурстық материалдарға қолжетімділік беріледі.

3-кезең – тыңдаушылардың зерттеушілік құзыреттерінің даму динамикасына әлеуметтік желілердегі, кәсіби желілік қоғамдастықтардағы және білім беру ұйымының ресми сайтындағы жарияланымдары арқылы мониторинг жүргізіледі.

4-кезең – рефлексивті эссе жазу, зерттеу нәтижелерін ғылыми мақала түрінде рәсімдеу, оларды педагогикалық журналдарда және ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында жариялау бойынша менторлық (тәлімгерлік) қолдау көрсетіледі.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Brownhill, S. Asking additional key questions of self-reflection. Reflective Practice, 24(3), **2023.** 400–412. https://doi.org/10.1080/14623943.2023.2190578

2. Берикханова А.Е., Сарсенбаева Л.О.,Ибраимова Ж.К.,Сапаргалиева Б.О., Асилбаева Ф.Б., Байдильдинова Д.К., Жекеева А.Е.//Теория и технология внедрения Action Research в вузе. Монография. - Алматы: LEM, **2024**. – 292 с. ISBN 978-601-239-796-3

3. Білім беру зерттеулеріне кіріспе: теория, әдістер және тәжірибелер. Монография / Аида Сағынтаева, Әсел Қамбатырова, Лаура Қарабасова, Гүлмира Қанай, Айнұр Әлмұхамбетова. – Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 2022.-232б. ISBN 978-601-348-380-1.

4. Концепция повышения исследовательской активности ППС вуза на основе Action Research (Исследований в действии). – Алматы: LEM, **2024**, 44 с. ISBN 978-601-239-797-0

5. Каипова Д., Шаматов Д. «Action Research» Планер учителя по работе над «Исследованием в действии» – Б.: **2024** – 80 стр.

6. Понкин И.В., Лаптева А.И. Методология научных исследований и прикладной аналитики: Учебник. Издание 2-е, дополн. и перераб./ Консорциум «Аналитика. Право. Цифра». – М.: Буки Веди, **2021**. – 567 с. (Серия: «Методология и онтология исследований»).

7. Edwards-Groves C., Rönnerman K. Action Research conceptualised in seven cornerstones as conditions for transforming education, IJAR – International Journal of Action Research, Vol. 18, Issue 2, **2022**, pp. 116-133. https://doi.org/10.3224/ijar.v18i2.03.299.

8. Lira, L.A.N.; Carrión, C.E.G.; Loayza, M.G.B.; Alviar, R.A.S.; del Alviar, O.C.S.; Miñan, V.Á.A. The Digital Scenarios of Research in University Higher Education. J. Posit. Sch. Psychol. **2022**, 6, 1743–1754

9. Matos J.F., Piedade J., Freitas A., Pedro N. Teaching and Learning Research Methodologies in Education: A Systematic Literature Review. *Educ. Sci.* **2023**, *13*, 173. https://doi.org/10.3390/educsci13020173

Қосымша әдебиеттер:

1. Berikkhanova, A.; Sapargaliyeva, B.; Ibraimova, Z.; Sarsenbayeva, L.; Assilbayeva, F.; Baidildinova, D.; Wilson, E. Conceptualising the Integration of Action Research into the Practice of Teacher Education Universities in Kazakhstan. Educ. Sci. **2023**, 13, 1034. https://doi.org/10.3390/educsci13101034.

2. Молдашев К. Этика исследования //Электронный ресурс: https://metod.expert/researchethics/.

3. О'Лири Зина. Зерттеу жобасын жүргізу: негізгі нұсқаулық. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. - **2020**. - 472 бет. ISBN 978-601-7943-98-1

4. Поллард Эндрю. Рефлективті оқыту негіздері. - Алматы: «Ұлтгык аударма бюросы» қоғамдық қоры, - **2020**. - 728 бет. ISBN 978-601-7621-11-7

5. Бартлетт Стив, Бертон Диана. Білім берудегі зерттеулер. Кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, **2020**. – 464 бет. ISBN 978-601-7943-78-3